

Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия құру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 4 маусымдағы N 620 қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2006.06.01. N 490 қаулысымен.

Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі мәселелері жөніндегі жұмысты жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қосымшаға сәйкес құрамда Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия құрылсын.
2. Қоса беріліп отырған Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия туралы ереже бекітілсін.
3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министри

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

2004

жылғы

4

маусымдағы

N

620

қаулысына

қосымша

Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссияның құрамы

- | | |
|----------------------|---|
| Тоқаев | - Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі, тәраға |
| Қасымжомарт Кемелұлы | |
| Жошыбаев | - Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің орынбасары, тәрағаның |
| Рәпіл Сейітханұлы | |
| орынбасары | |
| Әтембаев | - Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Ерекше тапсырмалар жөніндегі елшісі, Қазақстан |
| Ерік Мылтықбайұлы | Республикасының Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі мәселелері жөніндегі келіссөздердегі өкілі, тәрағаның |
| орынбасары | |

Аманжолова Зүлфия Алтайқызы	- Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Халықаралық-құқық департаментінің директоры, хатшы
Комиссия мүшелері:	
Ізмұқамбетов Бақтықожа Салахатдинұлы вице-министрі	- Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар бірінші
Поспелов Николай Николаевич	- Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің орынбасары
Берқалиев Құсайын Иманғалиұлы	- Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметі директорының бірінші орынбасары - Бас штаб бастығы (келісім бойынша)
Жампейісов Амангелді Сүйімбайұлы	- Қазақстан Республикасының Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігі төрағасының орынбасары
Коваль Игорь Александрович	- Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман және аңшылық шаруашылығы комитеті төрағасының бірінші орынбасары
Брагин Александр Геннадьевич	- Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігі Нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету және халықаралық ынтымақтастық департаментінің директоры
Абділманов Алмаз Кәкімтайұлы	- Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Штабтар бастықтары комитеті Жедел жоспарлау департаментінің бастығы
Уандықов Берік Құсманұлы	- Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі Су көлігі департаментінің директоры
Әзімова Эльвира Әбілқасымқызы	- Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Занға тәуелді кесімдер департаментінің директоры
Құлыбаев Тимур Асқарұлы	- "ҚазМұнайГаз" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамының бірінші вице-президенті

Қабылдин	- "КазМұнайГаз" ұлттық компаниясы"
Қайыргелді Мақсұтұлы	акционерлік қоғамы көліктік инфрақұрылым және сервис жобалары жөніндегі басқарушы директоры
Денякин	- "КазМұнайГаз" ұлттық компаниясы"
Александр Викторович	акционерлік қоғамының Жаңа жобаларды дамыту департаментінің директоры
Әбілғазин	- Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация вице-министрі
Талғат Байтемірұлы	- Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау вице-министрі
Бекжанов	- Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы вице-министрі
Жамбыл Лесбекұлы	- Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Балық шаруашылығы комитеті төрағасының орынбасары
Хасенов	- Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Су ресурстары комитеті төрағасының орынбасары
Сақташ Сатыбалдыұлы	- Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі Мұнай өнеркәсібі департаментінің директоры
Ромашов	
Юрий Төлегенұлы	
Кеншімов	
Әмірхан Қадырбекұлы	
Исаев	
Мұсабек	

Ескерту. Құрамға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.10.20. N 1054 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы

Ү к і м е т і н ің

2 0 0 4

ж ы л ғ ы

4

м а у с ы м да ғ ы

N

6 2 0

қ а у л ы с ы н а

қосымша

Каспий теңізінің құқықтық мәртебесінің мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия туралы ереже

1. Жалпы ережелер

1. Каспий теңізінің құқықтық мәртебесінің мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия (бұдан әрі - Комиссия) Каспий теңізінің құқықтық

мәртебесінің мәселелері бойынша келіссөздерде Каспий теңізінің құқықтық режимін белгілеуге, Қазақстан Республикасының көзқарастарын жүйелеуге және бірыңғай ұстанымын әзірлеуге байланысты мәселелер жөніндегі негізгі бағыттарды жасау үшін Қазақстан Республикасының министрліктері мен ұйымдарының өкілдерінен қалыптастырылатын Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы консультативтік-кеңесші орган болып табылады. Комиссияның құрамын Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

2. Комиссия өзінің қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің және Үкіметінің кесімдерін және өзге де нормативтік-құқықтық кесімдерді, сондай-ақ осы ережені басшылыққа алады.

2. Комиссияның мақсаты мен міндеттері

3. Комиссияның мақсаты Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі туралы конвенция жобасын әзірлеген кезде Каспий теңізінің құқықтық мәртебесін белгілеу жөніндегі ұсыныстар мен келісілген ұстанымды әзірлеу болып табылады.

4. Комиссияның негізгі міндеттері мыналар болып табылады:

Қазақстан Республикасының экономикалық мүдделерін, Каспий өнірі экологиялық жүйесінің ахуалын негізге ала отырып және халықаралық келісімдер шенберінде Қазақстан Республикасы қабылдаған халықаралық міндеттемелерді ескере отырып, Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі туралы конвенция жобасын жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

Каспий теңізінің құқықтық режимінің мәселелері жөніндегі келіссөздер процестерінде Қазақстан Республикасының бірыңғай ұстанымын дайындау үшін салалық бағыттар бойынша ұсыныстар әзірлеу.

3. Комиссияның күкүштәрү

5. Комиссия өзінің құзыреті шегінде өзіне жүктелген міндеттерді жүзеге асыру кезінде:

заңнамада белгіленген тәртіппен министрліктер мен ұйымдардан қажетті материалдар мен ақпарат сұратуға және алуға, сондай-ақ Комиссияға жүктелген міндеттерді орындау үшін тиісті мамандарды тартуға;

Қазақстан Республикасының Каспий теңізіндегі қызметіне байланысты мәселелерді шешу жөніндегі проблемаларды талдауға және ұсыныстар әзірлеуге ғылыми үйымдарды, жоғары оқу орындарын тартуға;

Комиссияның құзыретіне кіретін мәселелер бойынша Қазақстан Республикасының заңнамалық және нормативтік базасын жетілдіру жөнінде Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар енгізуге құқылы.

4. Комиссияның қызметін ұйымдастыру

6. Комиссияны төраға басқарады, төраға оның қызметіне басшылық жасайды, Комиссияның мәжілістеріндегі төрағалық етеді, оның жұмысын жоспарлайды, оның шешімдерін іске асыруды жалпы бақылауды жүзеге асырады және Комиссия жүзеге асыратын қызмет үшін жауапты болады. Төраға болмаған уақытта оның функциясын Комиссия төрағасының орынбасарлары атқарады.

7. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Комиссияның жұмыс органы болып табылады.

8. Комиссияның хатшысы Комиссия мәжілістерінің күн тәртібі бойынша ұсыныстарды, қажетті құжаттарды, материалдарды өзірлейді және мәжілістер өткізілгеннен кейін хаттамаларды ресімдейді. Комиссияның хатшысы Комиссияның толық құқықты мүшесі болып табылады.

9. Комиссияның мәжілістері қажеттілігіне қарай өткізіледі.

10. Комиссияның жоспардан тыс мәжілісін Комиссияның қарауына шығарылатын, ұсынылған материалдардың негізінде Комиссияның төрағасы, ал ол болмаған уақытта Комиссия төрағасының орынбасарлары шақырады.

11. Комиссияның шешімдері ашық дауыс берумен қабылданады және егер олар үшін мәжіліске қатысқан Комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілік дауысы берілсе, қабылданды деп саналады және хаттамамен ресімделеді. Дауыстар тең түскен жағдайда төраға дауыс берген шешім қабылданды деп саналады. Комиссияның шешіміне мәжіліске қатысқан Комиссия мүшелері қол қояды және шешімнің ұсыныстық сипаты болады.

Комиссия мүшелерінің ерекше пікір айтуда құқығы бар, ондай жағдайда пікір білдіру жазбаша түрде баяндалып, хаттамаға тіркелуі тиіс.

12. Мәжілістердің күн тәртібін, сондай-ақ оларды өткізу орны мен уақытын Комиссияның төрағасы белгілейді және нақтылайды. Комиссия өзінің қызметі туралы есеп беру акпаратын Қазақстан Республикасының Үкіметіне жарты жылда кемінде бір рет береді.

5. Комиссия қызметін тоқтату

13. Комиссияның қызметін тоқтату үшін:

Комиссияға жүктелген міндеттердің орындалуы;

Комиссияға жүктелген міндеттерді жүзеге асыратын мемлекеттік органның немесе өзге Комиссияның құрылуы;

Комиссияның міндеттерін орындау мүмкін болмайтын немесе оларды орындау орынсыз болатын өзге де мән-жайлар негіз болып табылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және күкірткыш ақпарат институты» ШІЖҚ РМК